

«Бекітілді»

№29 «Нұрсая» бөбекжай-бақпасы

№1 педагогикалық кеңесте

25 тамыз 2020 жыл

Шешім негізінде №52 бұйрық



Вариативтік компонент

«Сөз өнері»

«Абай ғану» бағдарламасы бойынша

(36 сағат)

Ортаңғы топ

2020-2021 оқу жылы

Түсінік хат

Еліміздің болашағы балаларды жан-жақты жетілген азамат етіп тәрбиелеу үшін оның бойына ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық салтымызды сіңіріп, ана тілінің нәрімен сусындатқанымыз абзал.

Жас жеткіншектерді қазақтың ақын, ағартушы, жазба қазақ әдебиетінің, қазақ әдеби тілінің негізін салушы абай Құнанбаев шығармаларымен таныстыра отырып, оларды елін, жерін сүйеге, ерлік пен батылдыққа, адамдық асыл қасиеттерге тәрбиелеу.

Осы мақсатқа сай құрастырылып отырған «Абайтану» вариативтік компоненті 36 сағатты 9 бөлімді құрайды.

Мақсаты:

Ауыз әдебиетінен бастау алған Абай шығармаларындағы қара сөздер, даналық сөздер арқылы бала бойына ғасырлар бойына қалыптасқан ұлттық санамызды сіңіріп, ана тілінің нәрімен сусындату.

Қыркүйек: «тіл туралы (ана тілі) түсінік қалыптастыру

Қазан: «Абай кім? (Абайдың өмірі, отбасы)

Қараша: «Табиғатты жырлаған Абай»

Желтоқсан: «Абай және табиғат»

Қаңтар: «Абайдың қара сөздер»

Ақпан: «Абайдың даналық сөздер»

Наурыз: «Абай және табиғат егіз ұғым»

Сәуір: «Абай және орыс әдебиеті»

Мамыр: «Абай аудармалар»

№	Айы	Тақырыбы	Мақсаты	Жүру барысы	
1-2	Қыркүйек	Ана тілі	Балаларға ана тілінің адам өміріндегі маңызын түсіндіру. Ана тілін туған елін, туған жерін сүйуге баулу.	1. Түіндіру 2.Сұрақ жауап 3.Қорытынды	2
3-4		Сөйлеу мәдениеті	Баланы сөйлеу мәдениеті арқылы кішіпейілділікке, сөйлеу қарым-қатынасын жасау кезіндегі ілтипаттылыққа тәрбиелеу. Сөйлеу білу стиліне үйрету жолымен мінез-құлық этикалық нормасын қалыптастыру.	1. Түіндіру 2.Тілдік жаттығулар 3.Сұрақ жауап 4.Қорытынды	2
5	Қазан	Адамзаттың Абай	Абай Құнанбаев өмірімен балаларды таныстыру. Абай шығармаларына деген қызығушылықтарын ояту.	1. Түіндіру 2.Шығармаларына түсінік беру. 3.Суреттер қарау 4.Қорытынды	1
6		Бала-Абай	Бала Абай өміріне түсінік беру. Бала қиялына шабыт оятып, әдебиетке деген қызығушылықтарын жетілдіру.	1. Түсіндіру 2. Ой тастау 3. Суреттер қарау 4. Қорытынды	1
7		Әке үміті-ана шырағы	Отбасы, әке тәрбиесі, ана тағылымы туралы баяндау.Үміт, ақыл, білім ұғымдарының мән-мағынасын түсіндіру.	1. Түсіндіру 2. Ой тастау 3. Суреттер қарау 4. Қорытынды	1
8		Әже ақылы	Сыйластықты сезіне білуге баулу. Кішіпейілділікке, қамқорлыққа тәрбиелеу.	1. Түсіндіру 2. Ой тастау 3. Суреттер қарау 4. Қорытынды	1

9	Қараша	Абайдың табиғат жырлары	Абай шығармасындағы табиғат лирикасы туралы ұғындыру. Табиғатты сүйе білуге, қамқорлықпен бағалауға тәрбиелеу.	1.Түсіндіру 2. Табиғат туралы бейне баян қарау. 3. Жыр оқу. 4. Қорытынды.	1
10-11		Күз өлеңі(түсіндіру)	Күз мезгілі туралы түсінік беру. Өлеңді тыңдап түсіне білуге баулу. Табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру.	1.Түсіндіру 2. Ой тастау. 3. Суреттер қарау 4. Қорытынды.	2
12		Күз жаттау	Күзгі табиғат жөніндегі түсініктерін нығайта отырып табиғат әсемдігін көре білуге, табиғат туралы өлеңді жақта айта білуге үйрету.	1.Түсіндіру 2.Күз туралы суреттер қарау 3. Оқу, жаттау 4. Қорытынды	1
13	Желтоқсан	Табиғатты жырлаған Абай	Абай шығармаларындағы табиғаттың сұлулығы мен шығарма өміршеңдігіне тоқталу.	1.Түсіндіру 2. Ой тастау-табиғат деген не? 3. Табиғат туралы суреттер қарау. 4.Қорытынды	1
14-15	Желтоқсан	Қыс өлеңін оқу, түсіндіру	Қыс мезгілі туралы түсінік беру. Өлеңді оқу арқылы көркем әдебиетке қызықтыру. Табиғатты аялауға, тамашалай қарауға, қамқорлық жасауға баулу.	1.Түсіндіру 2. Ой-тастаТабиғатты деген не? 3. Табиғатты туралы суреттер қарау. 4.Қортыныды.	1

16		Қыс өлеңін жаттау	Қыс мезгілі туралы түсініктерін кеңейтіп, жыл мезгілінің ерекшеліктерін айтуға, байланыстырып сөйлей білуге үйрету. Өлең мазмұнын түсіне отырып жаттауға баулу.	1. Түсіндіру 2. Ой тастау 3. Суреттер қарау 4. Қорытынды	1
17	Қаңтар	Абайдың қара сөздері	Абай қара сөздерінің мән-мағынасын ұғындыру. Балаларды ізгілікке, мейірімділікке тәрбиелеу.	1. Түсіндіру 2. Сұрақ-жауап 3. Қорытынды	1
18		Оқу, өнер, білім(25,32,33)	Бала бойында сөйлеу және тыңдай білу, сұраққа жауап беру қабілеттерін дамыту. Білім, өнер туралы ұғымдарын қалыптастыру.	1. Түсіндіру 2. Талдау 3. Қорытынды	1
19		Еңбек – туралы сөздер (2,24)	Қара сөздер арқылы еңбек ұғымының мағынасын түсіндіру. Еңбек ете білуге баулу.	1. Түсіндіру 2. Талдау 3. қорытынды	1
20		Қазақ мақалдар	Мақал-мәтелдер арқылы берілген ойдың мағынасын түсіндіру. Мақалдар арқылы балалардың сөзден түйін түйе білетіндей етіп шешендікке баулу.	1. Түсіндіру 2. Ой-тастау 3. Талдау 4. Қорытынды	1
21	Ақпан	Абайдың даналық сөздері	Даналақ сөздер мағынасын түсіндіру. Баланың ой-өрісін дамытумен қатар жай сұрақтарға жауабын көркем оймен жеткізе білуге үйрету.	1. Түсіндіру 2. Ой-тастау 3. Талдау 4. Қорытынды	1
22		Оқу білім туралы ойлары	Даналық сөздер арқылы балаларды оқу, білімге жігерлендіру.	1. Түсіндіру 2. Ой-тастау 3. Талдау 4. Қорытынды	1

23		Өнер, еңбек туралы даналақ сөздері	Қарапайым сөздер мағынасының мәнін ұғындыру. Өнер, еңбек сөздерінің мағынасын түсіндіру.	1.Түсіндіру 2. Ой-тастау 3. Талдау 4. Қорытынды	1
24		Ақыл, қайрат туралы даналық ойлары	Ақыл, қайрат туралы сөздер мағынасының мағынасын түсіндіру.Даналық ойлар туралы түсініктерін жетілдіру.	1.Түсіндіру 2. Ой-тастау 3. Талдау 4. Қорытынды	1
25	Наурыз	Абай және табиғат көктем өлеңін түсіндіру	Жыл мезгіліндегі табиғат құбылыстарын айыра және салыстыра білуге үйрету. Өлеңді тыңдап, өз түсінігін жүйелі айтып беруге баулу.	1.Түсіндіру 2. Ой тастау-табиғат деген не? 3.Табиғат туралы суреттер қарау 4. қорытынды	1
26		Көктем-жаттау	Көктем мезгілі туралы түсінік беру.Қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін арттыру. Өлеңді атқа айту арқылы көркем әдебиетке қызықтыру.	1.Түсіндіру 2. Ой тастау-табиғат деген не? 3.Табиғат туралы суреттер қарау 4. қорытынды	1
27		Абай-Жазғұтыры (өлең сөзіне түсінік беру)	Балалардың жаз мезгілі туралы білімдерін тиянақтау. Жаз мезгіліндегі ерекшеліктермен таныстыра отырып, табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Өлең мазмұнын түсіне білуге баулу.	1. Түсіндіру 2. Суреттер қарау, талдау 3. Өлең оқу 4. Қорытынды	1

28		Жазғытұры-жаттау	Өлең желісі бойынша сұрақтарға жауап беру. Өлеңді атқа айтуға үйрету. Табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру.	1.Түсіндіру 2. Талдау 3. Жаттау 4. Қорытынды	1
29	Сәуір	Абай және орыс әдебиеті	Абай шығармаларының орыс әдебиеті классиктерімен жете байланысы туралы түсіндіру. Аударма арқылы дүние жүзі әдебиетінің алтын қорына қосылған жәдік екендігін ұғындыру.	1Түіндіру 2. Ой-тастау 3. Суретке қарау,талдау 4. Қорытынды.	1
30		Абай және Пушкин	Абай мен орыс ақын жазушылар арасындағы байланыс туралы түсінік беру. Орыс әдебиетінің Абай шығармаларындағы орнын түсіндіру.	1Түіндіру 2. Ой-тастау 3. Суретке қарау,талдау 4. Қорытынды.	1
31		Крылов пен Абай	Абай мен Крылов мысалдары арасындағы әдеби байланыс туралы түсіндіру. Крылов шығармаларындағы кейіпкерлер арқылы баланы еңбекке, достыққа тәрбиелеу.	1Түіндіру 2. Ой-тастау 3. Суретке қарау,талдау 4. Қорытынды.	1
32		Абайдың әндерінің таралуы (Абай сазгер)	Абай шығармасындағы әуендер мазмұнымен таныстыра отырып олардың қазақ поезиясындағы алатын орыны туралы түсіндіру. Әндерді тыңдау арқылы балаларды музыка өнеріне жетелеу.	1. Түсіндіру 2.Әуендер тыңдау 3. Қорытыды	1
33	Мамыр	Абай аудармаларына түінік беру	Әңгіменің мазмұнын түсіну. Шығармадағы кейіпкер бейнесі арқылы адамгершілік, еңбек қарым-қатынасы әлемімен таныстыру.	1. Түсіндіру 2.Сұрақ-жауап 3.Қорытынды	1

34		Шегіртке мен құмырсқа оқу	Сөйлеу мәнерін қалыптастыру. Сахналау қойылымына атсалысуға ықылас білдіру, сөйлеу мәнерінің көркемдік әдіс-тәсілдерін (дауыс ырғағы, ымдау, ишарат т.б) қолдануды дамыту.	1. Түсіндіру 2. Ой тастау 3. Қорытынды	1
35		Шегіртке мен құмырсқа сахналау	Сахнада ойнай білу іскерліктерін дамыту. Сөйлеу мәнеріне мән бере отырып кейіпкер бейнесін көркем сомдауға, олардың жан дүниесін жеткізе суреттеуге ұмтылыстарын арттыру.	1. Түсіндіру 2. Сахналау 3. Қорытынды	1
36		Абай кім? (сұрақ жауап) қорытынды	Балалар білімдерін саралай отырып Абай шығармаларының өміршеңдігін ұғындыру. Абай туралы білімдерін қорытындылау.	1. Түсіндіру. 2. Сурреттер қарау 3. Сұрақ-жауаптар 4. Қорытынды.	1